

Утегенова Камшат Амандыковна
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, э.ғ.к.

Ерматов Жәніс Ғарифуллұлы
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің магистранты

ПОШТА ҚЫЗМЕТІН ҰСЫНУДЫҢ САПАСЫН ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМЫТУ

Бүгінде пошта-жинақ жүйесінің көрсету сапасын арттыру, қалада және ауылды жерлерде инфрақұрылымды дамыту, көрсетілетін қызметтің бәсекелестік қабілетін арттыру, еңбек өнімділігін өсіру, сауда-саттық көлемін, соған сәйкес, табыс көлемін ұлғайту негізгі мақсаттардың бірі болып саналады.

Аталған шараларды жүзеге асыру арқылы пошта-жинақ жүйесін бұдан әрі өзін-өзі қаржыландыру жағдайында тұрақты және тиімді дамытудың негізін қалауға мүмкіндік береді. Байланыс кәсіпорындарының қызметінен түсетін табыстарға осы көрсетілген қызметтер төлемі мерзіміне қарамастан есепті кезеңде көрсетілген байланыс қызметтері үшін халықтан, кәсіпорындардан және ұйымдардан түскен қаражаттар жатады.

Пошталық қызметтің негізгі түрлері: жазбаша хат-хабарларды, бандерольдер мен сәлемдемелерді тасымалдау және жеткізу; ірігабаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау және жеткізу; шабармандық почта қызметтері (EMS-жөнелтімдер); арнайы байланыс қызметтері; гибридті электрондық пошта (пошталық телеграмма); директ-мейл; жазбаша хат-хабарларды, бандерольдер мен сәлемдемелер.

Қазақстан Республикасы почталық индустрияны дамыту жөнінде Дүниежүзілік почта одағының ұсыныстарын ұстанып, почта-жинақ моделін негізге қабылдаған, бұрынғы кеңестік елдер арасында бірінші ел болды. Почта қызметінің ауқымды әртараптандырылуы почталық қызметпен қатар қаржылық қызмет көрсету арқылы оны коммерциялауды көздейді. Қызмет түрлерін көбейтіп дамыту арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізілді: соңғы жеті жылда Қазақстан Республикасында жазбаша хат-хабарлар көлемі 3 есе, сәлемдемелер – 75%, мерзімдік баспасөз басылымдары – 2 есе, зейнетақы және жәрдемақы –

5,2 есе, қабылданған коммуналдық төлемдер мен салықтар қабылдау – 47 есе, депозиттер – 50 есе, ақша аударымдары – 3 есе өсті [1].

Бүгінгі күні қала-аудан деңгейінде почталық жөнелтімдерді тасымалдаудың орташа жиілігі аптасына 5,4 ретті, аудан-ауыл – 3,4 ретті құрайды, жеткізу мерзімі барлық бағыттар бойынша 1 күнге қысқарды және таяу жылдары әр елді мекенге хат-хабарлардың күнделікті жеткізілуіне қол жеткізуге ниетті.

Почталық қызметтер бойынша еліміздің барлық облыс орталықтарында орнатылған, IPS Light халықаралық қадағалау жүйесі базасында Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ішкі және халықаралық жөнелтімдерді қадағалаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу арқылы EMS Kazpost курьерлік қызмет көрсету технологиясы жетілдірілді. Бұл почталық жөнелтімдердің тұрған орны туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді, яғни оның жоғалып кетпеуін қамтамасыз етеді.

“Қазпочта” АҚ “Cricket” жүйесі бойынша Интернет базасында кіріс сәлемдемелерді іздестіру жөнінде шетел почта әкімшіліктерінің салған сұрауына электронды жауап беру жүйесінде жұмыс жасайды. Ұлттық банкаралық төлем карточкалары жүйесін дамыту бағдарламасы шеңберінде қалалық жерлерде және ірі ауылдық елді мекендерде орналасқан почталық байланыс бөлімшелерінде банкоматтар мен POS-терминалдар орнату арқылы почталық төлем карточкалары жүйесі жұмыс атқарады [2].

Салиқалы да танымал компания мәртебесін ие болу қазақстандық пошта операторына халықаралық аренада да өз атағын елеулі түрде көтеруге мүмкіндік берді. «Қазпочта» АҚ әлемдік пошта қауымдастығы аясына абыроймен еніп, әлемдегі жетекші пошта әкімшіліктерімен өзара тиімді ынтымақтастық құруға жол ашты. Мәселен, Германия почтасымен және «Люфтганза» авиакомпаниясының өкілдерімен халықаралық поштаның мүлтіксіз сақталуы және тасымал ауқымын арттыру жөнінде кездесу өткізілді.

Украина, Тәжікстан және Қырғызстан елдерімен халықаралық пошта нормативтері туралы келісімдер жасалды. Қыркүйекте Қытаймен өзара

ынтымақтастық және әрекеттестік мәселелері туралы келіссөз жүргізілді, Моңғолия, Словакия, корей пошта әкімшіліктерімен ынтымақтастық туралы келісімдер мен меморандумдарға қол қойылды. Финляндия поштасы және Канада пошта әкімшіліктерімен пошта жүйесін дамыту, пошталық, қаржылық және агенттік қызметтер көрсету, ақпараттық логистика мәселелері бойынша белсенді түрде келіссөздер өткізілуде.

Қазпочта Украина, Тәжікстан және Қырғызстан елдерімен екеуара келісімдер негізінде БПО Халықаралық бюросы өткізетін пошта жолдамаларының нақты мерзімдерін тексеруге арналған шараларға қатысуда. Қазіргі уақытта Ресеймен сапа нормативтері туралы келісім дайындалуда. БПО Халықаралық бюросының ұдайы қадағалау шаралары аясында Венгрия пошта әкімшілігімен әуе-және хат корреспонденцияларының жету мерзімін тексеруге арналған шаралар туралы келісім жасалып, өткізілді.

Қоғам өкілдері Бүкіләлемдік пошта одағының поштаны пайдалану Кеңесінің Бернде (Швейцария) өтетін сессиясына, PostEurope (БПО аймақтық одағы, Киев қ., Украина.) пленарлық мәжілісіне және байланыс саласындағы Аймақтық одақтастық комиссия отырыстарына қатысты.

Қазпочта сондай-ақ ТМД елдері арасындағы Ресей мен Германияда өз өкілдігін бар жалғыз оператор болып табылады.

Сонымен, «Қазпочта» АҚ болжамы – үздік халықаралық стандарттар негізінде және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағытына сәйкес клиенттердің сұранысына сай келетін өзінің жоғары сапалы қызметтерін ұсынатын, ел экономикасының маңызды элементі болып табылатын, ел ішінде сонымен қатар дүниежүзілік пошта индустриясында да нарықтық ортада болып жатқан өзгерістер бойынша тез әрекет ететін инновациялық – бейімделген бизнес-құрылым болып қалыптасу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Ғаламтор ресурсы: www.kazpost сайтының мәліметтері

2 Гербеков Н.Б. Сущность и классификация почтовых услуг //МИТС-НАУКА: международный научный вестник: сетевое электронное научное издание. 2008. №1_(0,9 п.л.).- www.roseis.ru